КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 25 шілде №1513-25-00-2/1049 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья С.С.Сәрсенованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы Б.С.Кожагулова отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Солнечный край» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Братья Амангалиевы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,
Жанибек Ниетбекович Садыбеков

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП ҚОЮЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Е.С.Смагулов,
жауапкердің өкілдері Н.М.Бахитов, Д.Ж.Жалгасбеков,
үшінші тұлғаның өкілі Е.К.Амангалиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылдың 3 наурызында «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» ММ-і тарапынан №14147511-1 «Есет батыр көшесі 108 А мекенжайы бойынша балалар және спорт алаңын орнату», №14153619-1 «Рысқұлов көшесі 192/2 мекенжайы бойынша балалар, спорт және футбол алаңын орнату», №14163212-1 «О. Кошевой көшесі, 115,113 үй мекенжайы бойынша балалар және спорт алаңын орнату», №14163226-1 «Заңғар көшесі 59/1 мекенжайы бойынша балалар, спорт және футбол алаңын орнату», №14163250-1 «Сазды аллеясында волейбол, спорт және ойын

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

алаңын орнату», №14163257-1 «О.Кошевой көшесі, 105-үй, к.1,2,3 мекенжайы бойынша аумақты абаттандырумен футбол алаңын орнату», №14163280-1 «Ғ.Жұбанова 39 А мекенжайы бойынша спорт және балалар алаңын орнату», №14170228-1 «Есет батыр 3 үйінің ауласында балалар алаңдарын, футбол алаңын орнату», №14170298-1 «М.Тынышбаев көшесі 55 және 55/1 мекенжайы бойынша шағын футбол алаңын орнату», №14160066-1 «11 ш/а, 106 мекенжайында балалар алаңын ағымдағы жөндеу», №14148516-1 «Ә. Молдағұлова 42 үй мекенжайы бойынша ауланы абаттандыру» ашық конкурстары жарияланды.

Аталған конкурстардың біліктілік талаптарына сай қуаты 37 кВт, салмағы 7,8 т. басталатын шынжыр табанды жүрістегі бульдозерлер-қопсытқыштар талап етілді.

Конкурстарға «Солнечный край» ЖШС-і, «Братья Амангалиевы» ЖШС-і және өзге де әлеуетті өнім берушілер қатысты.

«Солнечный край» ЖШС-і тарапынан тіркеу нөмірі H813AZD бульдозер-T100 көлік құралын 12.03.2025 жылғы №30Т жалдау шарты Ж.Н.Садыбековпен жасалғаны және «Братья Амангалиевы» ЖШС-і тарапынан дәл осы бульдозерді 07.03.2025 жылғы №11/4 жалдау шарты Ж.Н.Садыбековпен жасалғаны анықталды.

«Солнечный край» ЖШС-і және «Братья Амангалиевы» ЖШС-нің конкурстық өтінімдері біліктілік талаптарына сай келмеуіне байланысты қабылдаудан бас тартылған.

«Братья Амангалиевы» ЖШС-і 19.03.2025 жылғы қорытынды хаттамаларына түсірген шағымында «Солнечный край» ЖШС-і конкурстық өтінімінде анық емес ақпарат көрсеткенін, тіркеу нөмірі H813AZD бульдозер-T100 көлік құралын оның иесі Ж.Н.Садыбеков «Солнечный край» ЖШС-не жалға бермегенін, 12.03.2025 жылғы №30Т жалдау шартында Ж.Н.Садыбековтың атынан жалған қолтаңба қойылғанын көрсетіп, бұл туралы Ж.Н.Садыбековтың арызын қоса жалғады.

Талап қоюшы әлеуетті өнім беруші «Солнечный край» ЖШС-і конкурсқа қатысқан кезде біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат бергені үшін оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілдері көлік құралының иесі Ж.Н.Садыбековтың тарапынан қате кеткенін, расында «Солнечный край» ЖШС-і мен Ж.Н.Садыбековтың арасында 12.03.2025 жылғы №30Т бульдозер-T100 жалдау шарты жасалғанын, осы фактіні растайтын Ж.Н.Садыбековтың 12.03.2025 жылғы №30Т жалдау шартының жарамдылығы туралы нотариуспен куәландырылған арызын сотқа ұсынып, «Солнечный край»

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенова С. С., 01.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.09.2025, судья Биманова Ж. Ж., 11.09.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ЖШС-нің конкурстық өтінімінде анық емес ақпарат болмағанын айтып, талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Үшінші тұлға «Братья Амангалиевы» ЖШС-нің өкілі конкурстың қорытындыларын әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібінде даулағанын, оның нәтижесінде конкурстың қорытындылары заңсыз деп танылып, шешімдерінің күші жойылғанын, мемлекеттік сатып алу туралы шарттары жарамсыз деп танылғанын, әкімшілік істі қарау барысында бульдозер-Т100 көлік иесі Ж.Н.Садыбеков «Солнечный край» ЖШС-мен жалдау шартын жасамағаны, шартқа қол қоймағаны туралы түсініктеме бергенін айтып, Ж.Н.Садыбековтың нотариуспен куәландырылған 12.03.2025 жылғы №30Т жалдау шартының жарамдылығы туралы арызын қайтару және оны жарамсыз деп тану туралы арызын сотқа ұсынып, «Солнечный край» ЖШС-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орыны туралы тиісті түрде хабарландырылған үшінші тұлға Ж.Н.Садыбеков сот отырысына қатысқан жоқ.

Сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК) 196-бабының талаптарын басшылыққа алып, үшінші тұлға Ж.Н.Садыбековтың сотқа келмеу себептерін дәлелсіз деп танып, істі оның қатысуынсыз қарауға мүмкіндік бар деп ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1)-тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 3-бабына сай анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа

Құжатқа қол қойылған: Серсенова С. С., 01.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.09.2025, судья Биманова Ж. Ж., 11.09.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Аталған норма талаптарының мазмұнына сәйкес анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін оның біліктілік талаптары мен құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергендігі дәлелденуі қажет және осы анық емес ақпарат конкурстық баға ұсынысына әсер еткендігі дәлелденуі қажет, сонымен қатар, шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер дәлелденуі тиіс. Осы шарттардың жиынтығында әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға болады, ал осы шарттың біреуі болмаған кезде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танудан бас тартуға жатады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 76-тармағына сәйкес материалдық ресурстарды жалдау шартының электрондық көшірмесін бірнеше әлеуетті өнім берушілерге бір конкурста ұсынуға жол берілмейді.

Істі қарау барысында үшінші тұлға «Братья Амангалиевы» ЖШС-і тарапынан жоғарыда аталған ашық конкурстардың нәтижелері Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында (БҚО МАӘС) дауланғандығы анықталды.

Апелляциялық тәртіпте қаралып, өзгеріссіз қалған 2025 жылғы 21 мамырдағы БҚО МАӘС-ның шешімінде конкурстық өтінімінде «Солнечный край» ЖШС-і ұсынған жалға беруші Ж.Н.Садыбековтан көлік құралын жалға алу туралы ақпараттың анық еместігіне құқықтық баға берілген және әкімшілік іс қаралған кезде Ж.Н.Садыбеков жауапкермен жалдау шартын жасамағанын, шартқа қол қоймағанын растаған.

Сонымен қатар, 12.03.2025 жылғы №30Т бульдозерді жалдау шартының жарамдылығы туралы Ж.Н.Садыбековтың 17.06.2025 жылғы №1430 реестрде тіркелген арызы нотариуспен куәландырылған №1435 арызымен кері қайтарылып, жарамсыз деп танылған.

Яғни, жауапкер конкурс барысында материалдық ресурстарына қатысты шындыққа сай келмейтін жалған мәлімет ұсынған.

Жауапкердің анық емес ақпаратты ұсынғаны салдарынан үшінші тұлғаның конкурстық өтінімі қабылдамауына, конкурстың қорытындылары дауланып, жойылуына, ұзаққа созылған сот процестеріне, нәтижесінде әлеуметтік маңызы бар жұмыстардың уақытылы жүзеге асырылмауына әкеп соқты.

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенова С. С., 01.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.09.2025, судья Биманова Ж. Ж., 11.09.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Істің бұл тұрғысында сот талап қоюшының талабын заңды деп тауып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды дұрыс санайды.

АПК-нің 117-бабының талаптарына сай жауапкерден мемлекет пайдасына 1966 теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Солнечный край» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Солнечный край» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Солнечный край» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтап, осы сот арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **С.С.Сэрсенова**

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенова С. С., 01.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.09.2025, судья Биманова Ж. Ж., 11.09.2025